

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ КҮНІ

2018 жылдың 16 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор А.Д. Құрманалиева, ф.ғ.д., профессор Н.Ж. Байтенова, Ш.С. Рысбекова, Қ.М. Борбасова және дінтану мамандығының 2 курс магистранттарының ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік толеранттылық күніне» арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел халықаралық және университетаралық деңгейде өтті, аталған іс-шараға Әл-Азһар университетінің профессоры, ақида (сенім) ілімінің докторы Абдулла Мадих, ҚМДБ жанындағы имамдардың білімін жетілдіру ислам институтының оқу бөлім меңгерушісі Т.У. Юлдашев, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану

бөлімінің ғылым хатшысы М.К. Бектенова, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторы А.К. Дуйсенбаева және Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің магистранттары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары З.У. Ельбаева, дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі А.Д. Құрманалиева, кафедра профессорлары Н.Ж. Байтенова, К.К. Бегалинова, Ш.С. Рысбекова, Қ.М. Борбасова, дінтану және исламтану мамандығының студенттері мен магистранттары, докторанттары атсалысты. Дөңгелек үстелді модератор ретінде проф. Н.Ж. Байтенова жүргізіп, мәселенің жан-жақты талқылауына басшылық жасады.



Талқылаудың барысында діндердің бейбітшілікке, төзімділікке қатынасы, жастардың қазіргі қоғамдағы діни толеранттылығы мәселесі, толеранттылық принципін ұстанудағы Қазақстанның жетістігі, мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынасты жетілдірудегі оның үлесі және т.б. өзекті мәселелер қарастырылды. Қатысушылар өздерінің ойларын ортаға салып, көкейіндегі сұрақтарына жауап алды. Келген қонақтарға және белсенділік

танытқан студенттерге сыйлыққа кітап берілді. Жастардың бойында толеранттылықты қалыптастыруға және оны одан әрі нығайтуға бағытталған дөңгелек үстел өте жоғарғы деңгейде өткізілді.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, филос.ғ.д. Н.Ж. Байтенова, дінтану мамандығының 2 курс магистранты Б. Исаков